



Автор: Мукашева Бизада Жаксылыковна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Балалар мен үлкендер
Тақырып: Мұхтар Әуезовтің "Көксерек"әңгімесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін талдай отырып, кейіпкерлерге мінездеме беру.
Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар орындай алады:</i> әңгімені түсінеді,сюжеттік желісі бойынша баяндайды, бейтаныс сөздердің мағынасын ажыратады. <i>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</i> композициялық құрылымына талдау жасайды, мазмұндайды, талдайды. <i>Кейбір оқушылар орындай алады:</i> әдеби шығармасыюжетінің құрамдас бөлшектерін салыстырып, дәлелдейді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: итмұрын, шірет,қаншық, пішен, шылапшын, тұрқы, шағырмақ, жүзіқара, сам,итаяқ,көкжал.
Күтілетін нәтиже:	Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып,оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау
Бағалау критерийлері:	•әңгімені мазмұндап,сөздердің мағынасын ажыратады; •композициялық құрылымына талдау жасай алады; •әңгіменің сюжетіне байланысты берілген сұрақтарға топта графикалық органиайзерлер дайындайды; •көркем шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін салыстырып дәлелдейді.
Құндылықтарды дарыту:	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының алтыншы тармағы- "Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы" шығарманы оқыту барысында ішінара жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пай-далану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
Пәнаралық байланыс:	Тарих, этнография.
Бастапқы білім:	М. Әуезов шығармашылығы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Үй тапсырмасын сұрау. «Иә – жоқ» әдісі бойынша өткен тақырыпқа байланысты сұрақтарға тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Қызығушылықты ояту.«Лента» әдісі бойынша топқа бөлінеді.Оқушыларға қасқырларға байланысты мақал– мәтелдер беріледі.	5e4e1b4a8d047f09 type unknown
Сабақтың ортасы (25 мин)	Мағынаны тану 1-тапсырма «Стоп кадр» тәсілі. Аудионұсқаны тыңдау арқылы әрі қарай қалай болатынын өз ойларымен өрбітеді. Бағалау критерийі: •Оқулықтан оқығандары бойынша өз бетімен сипаттайды. 3 - тапсырма (6 мин) «Кластер» әдісі арқылы шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру. □ Құрмаш □ Әжесі □ Ауыл адамдары	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebiati/7-synyp/lesson/muxtar-aezov-kokserek-anggimesi
Сабақтың соңы (5 мин)	"Өрмекші торы" әдісі арқылы сабақты бекітеді. (5 мин) Оқушылар жіпті бір-біріне лақтыру арқылы сұрақ қояды, өрмекшінің торын жасайды.	Жіп
Рефлексия (3 мин)	«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы рефлексия жасайды.Сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазады.	Стикерлер